

Банкрот деп танылып, таратылатын ұйымдардың мүлкін (активтерін) сатуға алдын ала дайындау мен сатудың тәртібін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 11 тамыздағы N 759. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.04.26. N 326 (қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Банкроттық туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 21 қаңтардағы Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қ а у л ы е т е д і :

Ескерту. Тақырыбы мен кіріспеге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.06.24. N 695 қаулысымен .

1. Қоса беріліп отырған банкрот деп танылып, таратылатын ұйымдардың мүлкін (активтерін) сатуға алдын ала дайындау мен сатудың тәртібі бекітілсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.06.24. N 695 қаулысымен .

2. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне жүктелсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

1 9 9 8 ж ы л ғ ы 1 1 т а м ы з д а ғ ы

N 7 5 9 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Банкрот деп танылып, таратылатын ұйымдардың мүлкін (активтерін) сатуға алдын ала дайындау мен сатудың тәртібі

Ескерту. Тақырыбына өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.06.24. N 695 қаулысымен .

Осы Тәртіп қолданылып жүрген заңдарға сәйкес әзірленді және сатуға алдын ала дайындаудың, сондай-ақ банкрот деп танылып, таратылатын ұйымдардың мүлкін (активтерін) сатуға алдын ала дайындаудың, сондай-ақ сатудың шарттары

мен тәртібін белгілейді. <*>

Ескерту. Кіріспеге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.06.24. N 695 қаулысымен .

1. Жалпы ережелер

1. Осы Тәртіп мүліктің мынадай түрлерін:
1) заңнамаға сәйкес айналымнан алынған мүлікті;
2) меншік құқығында борышкерге тиесілі емес, оның ішінде сенімді басқарудағы немесе сақтаудағы мүлікте;
3) заңнамалық кесімдерде көзделген жағдайларды қоспағанда, банктердің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, жинақтаушы зейнетақы қорларының және ауыл шаруашылығы ұйымдарының мүлкін сатуға қолданылмайды .

Шектеулі айналым қабілеті бар заттарды айналымның белгілі бір қатысушысы сатуы мүмкін. <*>

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2004.06.24. N 695 қаулысымен .

2. Ұйым мүлкінің құрамына үйлерді, ғимараттарды, жабдықтарды, мүкәммалды, шикізатты, өнімдерді және ұйымның басқа да активтерін қоса алғанда, негізгі қаражат (қорлар) кіреді.

3. Осы тәртіпте сөздер мен тіркестердің мынадай мағыналары болады:
таратылатын ұйым - заңнамада белгіленген тәртіппен банкрот деп танылуына байланысты тарату процесіндегі ұйым; <*>

уәкілетті орган - оған берілген өкілеттіктер шегінде банкроттық рәсімдердің (банктерді, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын қоспағанда) жүргізілуін бақылауды, сондай-ақ соттан тыс рәсіммен дәрменсіз борышкерді таратуды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының Үкіметі анықтайтын мемлекеттік орган ; < * >

сатушы - конкурстық басқарушы;
лот бойынша сауда-саттыққа қатысушы - жарияланған лоттың ағымдағы бағасына нөмірді көрсету арқылы келіскен қатысушы;

сауда-саттықтың ағылшындық әдісі - бастапқы баға күні бұрын жарияланған кадаммен ең жоғары баға ұсынған бір қатысушы қалған сәтке дейін көтерілетін сауда-саттықтың әдісі ;

сауда-саттықтың голландтық әдісі - бастапқы баға күні бұрын жарияланған кадаммен қатысушылардың бірі жарияланған баға бойынша лотты сатып алуға келісетін сәтке дейін төмендейтін сауда-саттық әдісі;

лот - сату үшін бөлінбейтін бірліктерге бөлінген аукционға қойылған мүлік;

лоттың ең төменгі бағасы - лот одан төмен сатылмайтын баға;

лоттың бастапқы бағасы - әрбір лот бойынша сауда-саттық басталатын баға;

сату бағасы - лоттың сауда-саттықтың нәтижесінде белгіленген түпкілікті
б а ғ а с ы ;

жеңімпаз - сауда-саттықта лот үшін ең жоғары баға ұсынған қатысушы;

сатып алушы - сатушымен сатып алу-сату шартын жасасқан жеңімпаз;

объект - технологиялық процеске қатысушы өндірістік бөлімшенің мүлкінен бөлінген, бірыңғай лотпен сауда-саттыққа қойылған мүліктік кешен ретіндегі ұйымның мүлкі; өзге де мүлік.

аукционшы - сатушы сауда-саттықтарды жүргізу үшін белгілеген және сауда-саттықтардың нәтижелеріне мүдделі емес заңды немесе жеке адам. <*>

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.06.24. N 695

қ а у л ы с ы м е н

4. Өндірістің тоқтаусыз циклі бар, сондай-ақ экономика үшін стратегиялық маңызы бар тарататын ұйымның мүлкін (активтерін) сату алдында дайындау және сату кезінде Үкіметтің жекелеген шешімімен мүлікті (активтерді) сатудың айрықша шарттары мен сатып алушыларға қосымша талаптар;

1) сатып алынған объектіде қызметтің басталуын қамтамасыз ету;

2) технологиялық процестің кідіріссіз жұмысын қаржыландырудың көздерін а й қ ы н д а у ;

2-1) уәкілетті органның таратылатын ұйымның мүлкін сатудың жоспарын б е к і т у і ; < * >

3) табиғат қорғау шараларын жүргізу;

4) тұтынушылармен жасалған келісім-шарттар бойынша электрмен жабдықтаудың кідіріссіздігін қамтамасыз ету;

5) мәмілелер жасауға (қайта сатуға, кепілге, басқаруға беруге және т.б.) шектеу және/немесе объектіге қатысты уақыттың белгілі бір кезеңі ішінде белгілі бір қызметке т ы й ы м с а л у ;

6) сауда-саттықтағы бастапқы бағаға талап;

7) өзге де шарттар мен талаптар белгіленуі мүмкін.

ЕСКЕРТУ. 4-тармақ 2-1)-тармақшамен толықтырылды - ҚРҮ-нің 1998.12.07. N 1251 қаулысымен .

2. Таратылатын ұйымның мүлкін (активтерін) сатуға алдын ала дайындауды жүргізудің тәртібі

5. Таратылатын ұйымның мүлкін (активтерін) сатуға алдын ала дайындау ж ө н і н д е г і ш а р а л а р :

1) заңдарда белгіленген тәртіппен таратылатын ұйымның мүлкін (активтерін) түгендеуді және бағалауды;

2) нәтижесі бойынша сату объектілері айқындалатын таратылатын ұйымның мүлкін (активтерін) қайта құрылымдау (бөліктеу, топтастыру) жөнінде ұсыныс ә з і р л е у д і ;

- 3) ұйымның мүлкін (активтерін) сату жөнінде ұсыныс әзірлеуді;
4) таратылатын ұйымның сатылатын мүлкін (активтерін) жарнамалау жөніндегі шараларды ұйымдастыруды;
5) сату жоспарын дайындауды және бекітуді;
6) таратылатын мамандандырылған ұйымдармен, оның ішінде қаржы агенттерімен шарттар жасасуды қамтиды.

6. Конкурстық басқарушы таратылатын ұйымның мүлкін (активтерін) түгендеуді және бағалауды жүргізеді.

7. Конкурстық басқарушы мүлікті (активтерді) бағалауды жүргізу үшін қызмет көрсетулеріне ақы төлеу банкроттың мүлкі есебінен жүзеге асырылатын бағалаушыны тартуға құқылы. <*>

Ескерту. 7-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.06.24. N 695 қаулысымен .

8. Конкурстық басқарушы уәкілетті органмен бірлесіп активтерді алдын ала іріктеудің деректерін ескере отырып салалық тиесілілігіне, географиялық орналасқан жеріне, технологиялық мүмкіндігіне және өзге де өлшемдерге сәйкес таратылатын ұйымның активтерін сатуға дайындау жөніндегі жұмысты ұйымдастырады .

9. Конкурстық басқарушы мүлікті (активтерді) қайта құрылымдау (топтау, бөліктеу) және сату жөніндегі ұсынымдарды әзірлеу үшін уәкілетті органмен бірлесіп тәуелсіз консалтингтік ұйымды тартуға құқылы.

Ескерту. 9-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.06.24. N 695 қаулысымен .

10. Осы Тәртіптің 9-тармағында көрсетілген ұсынымдар мен ұсыныстарды ескере отырып жасалған және уәкілетті органмен келісілген сату жоспарын конкурстық басқарушы кредиторлар комитетіне бекітуге ұсынады. <*>

ЕСКЕРТУ. 10-тармақ өзгерді - ҚРҰ-нің 1998.12.07. N 1251 қаулысымен .

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2004.06.24. N 695 қаулысымен .

11. Конкурстық басқарушы белгілі бір объектілерге уәкілетті сатып алушыларды (инвесторларды) тарту жөніндегі егжей-тегжейлі маркетингтік жоспарды әлеуетті сатып алушылардың арасында мүмкін болатын бөлу үшін объектіге арналған қысқа ақпараттық меморандумды әзірлеу үшін, уәкілетті органмен бірлесіп, кредиторлар комитетімен келісім бойынша екінші деңгейдегі банктер мен инвестициялық компаниялардың қатарынан қаржы агенттерін тартуға құқылы .

12. Қаржы агенттерінің қызметтеріне ақы төлеу конкурстық басқарушы мен қаржы агенттігінің арасындағы келісімге сәйкес кредиторлар комитеті белгілейтін тәртіппен конкурстық массадан жүзеге асырылады.

13. Конкурстық басқарушы:

1) таратылатын ұйымның мүлкін (активтерін) сатудың жоспарын әзірлейді және уәкілетті органмен келісілген кредиторлар комитетіне бекітуге ұсынады; <*>

1-1) конкурстық іс жүргізудің бірінші кезектегі әкімшілік шығыстарының сметасы шегінде қалдық құнынан төмен емес баға бойынша өндірістік циклға кірмейтін мүлікті сату жөніндегі ұсыныстарды сату жоспарын бекіткенге дейін кредиторлар комитетімен және уәкілетті органмен келіседі; <*>

2) әлеуетті сатып алушылардың ең көп санын тарту үшін бұқаралық ақпарат құралдарында объектіні сатуға ұсынылатын жарнама жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;

3) мүлікті (активтерді) сату жөніндегі сауда-саттықтар өткізуді ұйымдастырады;

4) сауда-саттықтардың жеңімпаздарымен сатып алу-сату шарттарын жасасады;

5) шарттық негізде қайта құрылымдау жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу үшін екінші деңгейдегі банктер мен инвестициялық компаниялардың қатарынан қаржы агенттерін тартады.

ЕСКЕРТУ. 13-тармақ өзгерді - ҚРҰ-нің 1998.12.07. N 1251 қаулысымен.
Ескерту. 13-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.06.24. N 695 қаулысымен.

14. Сатушы шарттық негізде сауда-саттықтарды ұйымдастыру үшін кез келген заңды немесе жеке тұлғаны тартуға құқылы.

15. Бекітуге ұсынылатын сату жоспары сату объектісі, төлеуді кейінге қалдырып сатудың мүмкіндігі туралы ұсыныстарды, сондай-ақ объектінің бастапқы (және сауда-саттықтың голландиялық әдісі кезінде ең төменгі) бағасы туралы мәліметті қамтуы тиіс.<*>

Ұйымдардың мүлкін (активтерін) сату кезіндегі бастапқы жарнаның мөлшері сату бағасының отыз процентінен кем болмайды және объектіні сатып алу-сату шартын жасасқан күннен бастап он банктік күн ішінде енгізіледі, ал кейінге қалдыру кезеңі үш айдан аспауы тиіс.<*>

ЕСКЕРТУ. 15-тармақ өзгерді - ҚРҰ-нің 1998.12.07. N 1251 қаулысымен.
Ескерту. 15-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.06.24. N 695 қаулысымен.

16. Бастапқы баға сату жоспарында бекітіледі. Сауда-саттықтың ағылшындық әдісі кезінде таратылатын ұйымның барлық мүлкінің (активтерінің) алғашқы бастапқы бағасы барлық кезектегі кредиторлар талаптарының сомасынан төмен болмауы тиіс. Голландтық әдіс кезінде бастапқы баға мүліктің (активтердің)

Таратылатын ұйым қаражатының жетіспеуіне орай бағалау жүргізу мүмкін болмаған жағдайда сауда-саттықтың ағылшындық және голландтық әдістері кезінде алғашқы бастапқы баға барлық кезектегі кредиторлардың талаптарынан және конкурстық іс жүргізудің әкімшілік шығыстарынан төмен болмауы тиіс. <*>

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2004.06.24. N 695

қ а у л ы с ы м е н

17. Сатушы бағалаушының қорытындысы негізінде таратылатын ұйым мүлкінің (активтерінің) құнын бағалауды жүзеге асыруға құқылы.<*>

Ескерту. 17-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.06.24. N 695

қ а у л ы с ы м е н

18. Негізгі қаражаттың құнын айқындау негізгі қаражаттың амортизациясының нормаларының және олардың пайдалану мерзімінің негізінде және заңдарда белгіленген тәртіппен айқындалатын негізгі қорлардың құнын арттыру коэффициентіне түзетілген бағалау сәтіндегі бухгалтерлік есептің деректері бойынша есептелген олардың баланстық қалпына келтіру құнының көлемін тозудың көлеміне азайту жолымен есептелген қалдық құн бойынша жүзеге асырылады.

19. Аяқталмаған құрылыс объектілері мен белгіленбеген жабдықтар олар түгелденгеннен кейін заңдарда белгіленген тәртіппен айқындалатын негізгі қорлардың құнын арттыру коэффициенттері ескеріле отырып баланстық (қалпына келтіру) құны бойынша бағаланады.

20. Запастар мен шығындар баланстық құн бойынша бағалау күніндегі іс жүзінде болуының негізінде бағаланады.

21. Конкурстық басқарушы мүліктің (активтердің) ол сатылғанға дейін сақталуы үшін жауаптылықта болады.

3. Таратылатын ұйымның мүлкін (активтерін) сату

22. Мүлікті (активтерді) сату жариялылық, ашықтық және қол жетімділік принциптері сақтала отырып сату жоспарына сәйкес сауда-саттықтарда (ағылшын немесе голландтық әдіс бойынша аукционда) жүзеге асырылады.

23. Аукционға алғашқы рет қойылған мүлікті сату сауда-саттықтардың ағылшындық кестесі бойынша жүргізіледі. Аукцион өтпеген деп танылған жағдайда мүлік голландтық әдіс бойынша аукционға қойылады.

24. Сауда-саттық өтпеген деп танылған жағдайда сатушы уәкілетті органмен келісілген және кредиторлар комитеті бекіткен сату жоспарына өзгеріс енгізуге құқылы. Өзгеріс сатылатын лоттардың өзгеше құрылымын және/немесе өзгеше бастапқы (ең төменгі) бағаны қамтуы тиіс. <*>

ЕСКЕРТУ. 24-тармақ жаңа редакцияда - ҚРҰ-нің 1998.12.07. N 1251

қ а у л ы с ы м е н

Ескерту. 24-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.06.24. N 695

қ а у л ы с ы м е н

25. Аукциондар олардың өткізілетіндігі туралы көпшілік хабарланған күннен бастап он күнтізбелік күннен бұрын өткізілмеуі тиіс.<*>

ЕСКЕРТУ. 25-тармақ жаңа редакцияда - ҚРҰ-нің 1998.12.07. N 1251

қ а у л ы с ы м е н .

26. Сатушының айрықша функциялары:

- 1) кепілдікті жарналарды қабылдау;
 - 2) аукциондарды өткізудің барысына бақылау жасауды жүргізу;
 - 3) сауда-саттықтың жеңімпаздарымен сатып алу-сату шарттарын жасасу және олардың орындалуына бақылау жасау;
 - 4) қатысушылармен және сатып алушылармен есеп айырысуды жүзеге асыру
- б о л ы п т а б ы л а д ы .

27. Сатушы аукционшыны іріктеуді дербес жүзеге асырады.

28. Аукционға қатысуға осы Тәртіпте белгіленген ретпен тіркеуден өткен заңды, жеке, оның ішінде шетелдік заңды тұлғаларға рұқсат етіледі.

29. Аукционға кіру билетін төлеген барлық тілек білдірушілердің қатысуына құқығы бар. Бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері кіру билеттерін төлеуден б о с а т ы л а д ы .

30. Кепілдікті жарна қатысушылардың мынадай міндеттемелерін:

- 1) сауда-саттықтың нәтижелері туралы хаттамаға қол қоюын;
- 2) сауда-саттықтардың нәтижелері туралы хаттамаға сәйкес сатып алу-сату ш а р т т а р ы н ж а с а с у ы н ;
- 3) сатып алу-сату шарты бойынша міндеттемелерді дұрыс орындалуын қамтамасыз ету болып табылады.

31. Аукционға қатысуға арналған кепілдікті жарна аукционға қойылған барлық ұйымдар үшін бір мөлшерде белгіленеді және әр лот бойынша сауда-саттықтың ағылшындық әдісі кезінде - лоттың бастапқы бағасынан 10%-ті, сауда-саттықтардың голландтық әдісі кезінде - лоттың ең төменгі бағасынан 10% - т і қ ұ р а й д ы .

32. Қатысушылар кепілдікті жарналардың кез келген санын енгізуге құқылы, бұл ретте бір кепілдікті жарна бір лотты сатып алу құқығын береді.

33. Кепілдікті жарнаның мөлшері ақпараттық хабар жарияланғаннан кейін өзгертіле алмайды. Кепілдікті жарнаны қатысушының атынан кез келген басқа жеке немесе заңды тұлға енгізе алады. Сатушы кепілдікті жарнаны алушы болып т а б ы л а д ы .

34. Сауда-саттықта жеңіп шыққан және сатып алу-сату шартын жасасқан қатысушының кепілдікті жарнасы сатып алу-сату жөніндегі тиесілі төлемдердің

е с е б і н е

ж а т а д ы .

35. К е п і л д і к т і ж а р н а :

1) ол өткізілген күнге дейінгі үш күннен аспайтын уақытта аукционға қатысудан бас тартқан;

2) жеңімпаз сауда-саттықтардың нәтижесі туралы хаттамаға қол қоюдан не сатып алу-сату шартын жасасудан бас тартқан;

3) қатысушы сауда-саттықтың нәтижелері туралы хаттамаға қол қоюдан нәтижелерге келіспеудің негіздемесінсіз бас тартқан;

4) сатып алу-сату шарты бойынша міндеттемелерін орындамаған немесе дұрыс орындамаған жағдайларда сатушыға қайтарылмайды.

36. Барлық қалған жағдайларда - кепілдікті жарналар, аукцион аяқталған күннен бастап 5 банктік күннен аспайтын мерзімде, ал егер ақша сатушының банктік шотына аукционнан кейін түссе, ол түскеннен бастап 5 банктік күннің ішінде қайтарылады.

37. Сауда-саттықтар өткізу туралы ақпараттық хабарлама сауда-саттықтарды өткізгенге дейін кемінде 10 күн бұрын белгіленген тәртіппен нормативтік құқықтық кесімдерді ресми жариялауға құқық алған жергілікті мерзімді баспа басылымында мемлекеттік және орыс тілдерінде жарияланады.

Сауда-саттықтар болмаған деп танылған немесе оларды өткізудің негізгі шарттарын өзгерткен жағдайда сауда-саттықтарды өткізу туралы ақпараттық хабарлама осы тармақта белгіленген тәртіппен жарияланады. <*>

ЕСКЕРТУ. 37-тармақ жаңа редакцияда - ҚРҰ-нің 1998.12.07. N 1251

қ а у л ы с ы м е н

Ескерту. 37-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2004.06.24. N 695

қ а у л ы с ы м е н

38. А қ п а р а т т ы қ х а б а р :

1) сауда-саттықтардың өтетін күнін, жерін және уақытын;

2) мүлкі (активтері) сатуға қойылған ұйымның атауын, қызметінің негізгі бейінін және мекен-жайын;

3) әрбір таратылатын ұйым бойынша қойылатын лоттардың мөлшерлерін;

4) мүлікті сатудың ерекше шарттары мен оларды Үкімет белгілеген жағдайда қатысушыларға қосымша талаптарды;

5) әрбір лот бойынша сауда-саттықтарды өткізудің әдісін;

6) сатуға қойылған лоттардың бастапқы және ең төменгі бағаларын;

7) кепілдікті жарнаның мөлшері мен алушының есеп-шотын;

8) өтінімдерді қабылдау орны мен мерзімдерін;

9) сату проспектілерін, ақпараттық бюллетендерді, сауда-саттықтардың өткізілу тәртібін және өзге де ақпараттарды алуға болатын телефондар мен мекен-жайларды;

10) сатушының шешімі бойынша басқа да, оның ішінде объектіні мерзімдерге бөліп сату шарттары туралы қосымша ақпаратты қамтуға тиіс. <*>

Ескерту. 38-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.06.24. N 695

қ а у л ы с ы м е н

3 9 . < * >

Ескерту. 39-тармақ алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2004.06.24. N 695

қ а у л ы с ы м е н

40. Сатушы ақпараттық хабар жарияланғаннан кейін барлық тілек білдірушілерге аукционды өткізудің ұйымдастырылуы мен тәртіптері туралы ақпаратқа еркін рұқсат етілуін қамтамасыз етуге міндетті.

41. Жарнаманың басқа түрлері еркін нысанда жүзеге асырылады және қатысушыларды неғұрлым көбірек тартуға бағытталуы тиісті.

42. Аукционға қатысушыларды тіркеу ақпараттық хабар жарияланған күннен басталып жүргізіледі және аукцион басталуға бір сағат қалғанда аяқталады.

43. Аукционға қатысушы ретінде тіркеу үшін:

- 1) аукционға қатысуға арналған өтінімді;
- 2) төлқұжатын немесе өзге де жеке басын куәландыратын құжатты;
- 3) кепілдікті жарна енгізгенін растайтын төлем құжатының көшірмесін;
- 4) өкілдің өкілеттілігін куәландыратын құжатты ұсыну қажет.

44. Заңды тұлғалар оған қосымша жарғы мен заңды тұлғаны тіркеу туралы куәліктің нотариалдық расталған көшірмесін ұсынады.

Шетелдік заңды тұлғалар лайықты түрде заңдастырылған құрылтай құжаттарын қоса ұсынады.

4 5 . С а т у ш ы н ы ң :

1) қатысушыдан оның аукционға қойылғандардың қатарынан сол немесе өзге лотты сатып алу ниеті туралы ақпарат талап етуге;

2) сауда-саттықтарға дайындалудың және оларды өткізудің бүкіл кезеңі ішінде сауда-саттықтарға қатысушыларға қатысы бар ақпаратты жариялауға;

3) осы Тәртіптің 43, 44-тармақтарында аталғандардан басқа, қатысушы ретінде тіркеу үшін қосымша құжаттар ұсынуды талап етуге құқығы жоқ.

46. Тіркеуден өткен адамдар аукцион күні аукциондық нөмірге ауыстырылатын қатысушының билетін алады. Сауда-саттықтың процесінде аукциондық нөмірді басқа адамның пайдалануына тыйым салынады.

47. Аукционды аукционшы жүргізеді. Аукцион оны өткізудің тәртібін жариялаумен басталады. Қатынасып отырған адамдардың аукционның барысына ықпал етуге немесе оны өткізудің тәртібін бұзуға құқығы жоқ, олай болмаған жағдайда олар аукционды өткізу залынан аластатылуы мүмкін.

48. Лоттарды сауда-саттыққа қоюдың реттілігі туралы шешімді аукционшы қабылдайды. Бұл тәртіп аукциондық картада белгіленген тәртіпке сәйкес келмеуі

м ү м к і н .

49. Әр лот бойынша сауда-саттықтар аукционшының сату объектісін, оның қысқаша сипаттамасын, сауда-саттықты өткізудің әдісін, бастапқы бағаны және бағалардың өзгеру қадамдарын жариялауымен басталады. Аукционшы сауда-саттықтардың процесінде ол туралы мәлімдей отырып, қадамды өзгертуге құқылы. Өзгерту қадамы лоттың ағымдағы бағаларының 5-тен 10%-ті шегінде белгіленеді.

50. Сауда-саттықтар төменде жазылған екі әдістің біреуі бойынша өткізіледі.

1) аукционшы лоттың бастапқы бағасы мен бағаны арттырудың қадамын жариялайды. Сауда-саттыққа қатысушылар нөмірді көтеру арқылы бастапқы бағаны көтереді, бірақ бұл жарияланған қадамнан артық емес. Аукционшы лот бойынша сауда-саттыққа қатысушылардың аукциондық нөмірін жариялайды, бағаны бекітеді және оны көтеруді ұсынады. Лот бойынша сауда-саттықтар ең жоғары ұсынылған бағаға дейін жүреді. Лот үшін неғұрлым жоғары бағаны ұсынған қатысушыны аукционшы жариялайды. Аукционшы лоттың соңғы бағасын үш рет қайталайды, бұл ретте лоттың соңғы бағасын әрбір қайталағаннан кейін кемінде 10 секунд өтуі тиіс және басқа нөмірлер көтеру болмаған кезде бағаны ұрып, аталған лоттың сатылғандығы туралы жариялайды (сауда-саттықтардың ағылшындық әдісі);

2) аукционшы лоттың бастапқы бағасын жариялайды және жаңа бағаларды жариялай отырып оны мәлімделген қадаммен төмендетеді. Аукционшы жарияланған баға кезінде аукциондық нөмірін бірінші көтерген Қатысушының нөмірін атайды және бағаны соғу арқылы оны осы лот бойынша Жеңімпаз деп жариялайды. Егер аукционшы лоттың ең төменгі бағасын жариялаған кезде қатысушылардың бірде-бірі аталған лотты сатып алуға тілек білдірмесе, онда лот сауда-саттықтан алынады (сауда-саттықтың голландтық әдісі). Егер бір мезгілде екі немесе одан көп нөмірлер көтерілген жағдайда, кімнің жеңімпаз болатындығы туралы шешімді мынадай тәртіппен аукционшы қабылдайды: аукционшы қатысушыларға бағаны көтеруді ұсынады және неғұрлым жоғары баға ұсынған қатысушы жеңімпаз болады. Қатысушылардың аукционшының шешіміне келіспеуге құқы жоқ.

51. Ағылшындық әдіспен өткізілетін лот бойынша сауда-саттықтар, егер сауда-саттыққа қатысушылардың саны екеуден кем болмаған жағдайда ғана өткізілген болып есептеледі.

ЕСКЕРТУ. 51-тармақ жаңа редакцияда - ҚРҰ-нің 1998.12.05. N 1244 қаулысымен .

Ескерту. 51-тармақтың 2-абзацы алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2004.06.24. N 695 қаулысымен .

қ а у л ы с ы м е н

53. Әрбір сатылған лот бойынша сауда-саттықтардың нәтижелері әр лот бойынша сауда-саттық аяқталғаннан кейін сатушы, аукционшы, жеңімпаз және барлық қатысушылар қол қоятын сауда-саттықтардың нәтижелері туралы хаттамамен ресімделеді. Аукционшы хаттамаға қол қою үшін үзіліс жариялауға құқылы. Сауда саттыққа қатысушыларға кепілдікті жарна олар сауда-саттықтардың нәтижелері туралы хаттамаға қол қойған жағдайда ғана қайтарылады. Хаттамаға қол қоймаған сауда-саттықтарға қатысушы өзінің нәтижелерге келіспеуін негіздеуге міндетті.

54. Сауда-саттықтардың нәтижелері туралы хаттама сауда-саттықтардың нәтижелерін және жеңімпаз бен сатушының сату бағасы бойынша объектіні сатып алу-сату шартын жасасуға міндеттемесін көрсететін құжат болып табылады. Жеңімпаз хаттамаға қол қойылған күннен бастап он жұмыс күнінен аспайтын мерзімде сатып алу-сату шартын жасасуға міндетті.

55. Объектіні сатып алу-сату шарты сатушы мен сатып алушының арасында жазбаша нысанда жасалады және шарт жасасуға негіздеме ретінде сауда-саттықтың нәтижелері туралы хаттамаға сілтеме болуы тиіс.

56. Сатып алу-сату шарты бойынша есеп айырысулар сатушы мен сатып алушының арасында жүргізіледі. Аванстық төлем мүлікті (активтерді) сатудың бағасының кемінде 15 проценті мөлшерінде сатып алу-сату шарты қол қойылған күннен бастап 5 банктік күннен кешіктірілмейтін мерзімде енгізіледі. Кепілдікті жарна есептелетін аванстық төлемнің есебіне есептеледі. Қалған сома сатып алу-сату шартына қол қойылған күннен бастап 30 күнтізбелік күннен кешіктірілмей енгізілуі тиіс.

57. Түпкілікті төлемді 5 банктік күннен астам кешіктірген жағдайда, сатушы біржақты тәртіппен шартты бұзуға және сатып алушыдан кепілдікті жарнамен жабылмаған бөлігінде нақты шығындарды өтеуді талап етуге құқылы.

58. Сатып алу-сату шарты бойынша ұйымның мүлкіне (активтеріне) меншік құқығы сатып алушыда қолданып жүрген заңдарда көзделген тәртіппен мәміле тіркелген сәттен бастап пайда болады.

4. Қорытынды ережелер

59. Таратылатын ұйымның мүлкін (активтерін) сатудан алынған қаражат " Банкроттық туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген кезектілікке сәйкес кредиторлардың талаптарын өтеуге бағытталады.